



*Тәуелсіздікке 25 жыл*

**Аты-жөні:** Қалымбет Нұргүл Нұрғалиқызы

**Туған жылы:** 24.01.2001ж.

**Жасы:** 15

**Мекен-жайы:** Хромтау қаласы, ағайынды Жұбановтар көшесі 24 үй Інәтер.

**Мектебі:** №6 Хромтау гимназиясы

**Ұлты:** қазақ

**Қызығушылығы:** көркем шығармаларды сүйіп оқу, логикалық есептер құрастыру, қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ ойнағанды ұнатады.

**Жетекшісі:** Керимова Гүлжазира

Есенбекқызы

Ғажап деген жерден шықса,

Бодандықтан босанып,

Еркіндікке енгенбіз.

Сан азапты көргенбіз,

Мың тіріліп, өлгенбіз.

Атой салып дұшпанға,

Айқастарда жеңгенбіз.

( М. Әміреұлы)

- Сен кімсің? Сен бақыттысың ба? Неге? Болашағың туралы не ойлайсың?

- Мен бақыттымын. Өйткені, Отаным – Тәуелсіз Қазақстан. Мен – осы Қазақстанымның кішкене бір бөлшегі – азаматшасымын .

“Армансыз адам қанатсыз құспен тең” демекші, менің алдыма қойған арман, мақсатым бар. Олар мені үмітпен алысқа жетелейді.

Ал мақсатым менің халқыма кішкене де болса пайдам тиіп, Қазақстанымның одан әрі өсіп-өркендеуіне менің де бір үлесім болса– сонда ғана мен алдыма қойған мақсатыма қол жеткізгенім деп ойлаймын.

Әрине, мақсатқа жету үшін қашан да еңбек керек. Қазіргі бой таластыратын емес, ой таластыратын заманда білімнің алатын орны ерекше. Күнделікті ұстаздарымның берген тәлім-тәрбиесінен, білімінен нәр алып, сусындап өсуім - ертеңіме азық, болашағыма қару. Ал осы мақсатыма қол жеткізуім – арманымның орындалғаны. Сонымен қатар күн-түн тілеп жүрер тілегім де жоқ емес – ол, елімнің амандығы, жұртымның тыныштығы.

Мақтанышым мен тірегім де бар. Мақтанышым - айтулы кезеңдерде ту ұстаған бабаларым мен даналарым. Халқымның басынан сан түрлі айтулы кезеңдер аз өтпеді. Ресейдің небір қатал саясатына қаймықпай қарсы тұра білген Исатай мен Махамбет сынды қайратты батыр бабаларым бар. Кешегі Сталиннің қолдан

жасаған аштығында халқымыз бір кесек нанға, бір тамшы суға зәру болған еді. Табанын кесіп, тұз жаққан, тырнағын ойып, ине тыққан, халықты хайуандай көріп, халқымыздың біршама зиялыларын “халық жауы” санап, шет - шетінен атқан, халқымыздың шыбындай жанын қинаған үкіметтің жауабы - халықтың өз тәуелсіздігін аңсауына қайтарылған жауап болатын. Сондай қатыгез, сондай катал кезеңдерде елім деп еңіреген, халқым деп күңіренген Ахмет, Мағжан, Міржақып, Дулат, Шәкәрім сынды зиялы алашымның біртуар азаматтары бар. Әділетсіздікпен елімнің тыныштығын бұзған Ұлы Отан соғысы тағы бар. Осы кезеңдерде ұлтарактай жерін қорғап, жат елге, қарсы жауға тапталмай, ақтық демі, қасық қаны қалғанша күресіп, қаншама қайсар қандастарымыз басын өлімге тікті ?!

Сұм соғыс ағайын бауырларды, баланы ата-анасынан, сәбилерді балалық шағынан айырды. Қаншама отбасының шаңырағы шайқалды?!

Ызғарлы желтоқсанда елінің бостандығы үшін күрескен, жас жүрегін құрбан еткен, жас өмірін қиған Қайрат пен Ләззат сынды аға-апаларым бар.

Осы батырларымызға үнемі үміт беріп, демеу болған, дем беріп, жігерлендірген, рухтандырған ақындарымыз, жазушыларымыз, шешендеріміз де қарап қалмады. Олардың да біздің тыныш өмір сүруімізге қосқан үлестері біршама.

«Ой - хой, қазақ даласы, не көрмедің?!

Қанша құрап, қаншама көгермедің?!

Қорқыт ата қобызымен боздаттың ғой,

Асанның шерге толы өлеңдерін!

Ой - хой, қазақ даласы, не көрмедің?!» - деп ақиық ұлы ақынымыз жырлағандай, халқымыз қазақ болып қалыптасу жолында. Міне , осындай талай қиямет - қайым күндерді де, талай қилы замандар мен шапқыншылықтарды да бастан өткерді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді. Азаттық таңы әйтеуір бір күні ататынына кәміл сенді.

Осындай даналарымның қайтпас қайсарлығының, табандылығы мен шыдамдылығының арқасында, баға жетпес алтын мұра, қазына - Тәуелсіздікті сыйлады. Ата - баба күшімен келген бұл мұраның арқасында туған жерімізде бойымызды тік ұстап, еркін жүре аламыз. Өз ана сүтімен дарыған тіліміз - қазақ тілінде еркін сөйлей аламыз. Қолымызды жүрегімізге қойып, өз әнұранымызды шырқай аламыз. Көк туымызды ашық аспанымызда биік ұстап желбіретеміз аламыз. Тыныш өмір сүру, алаңсыз ұйықтау, еркін армандау мүмкіндігіне ие болдық. Ұлттық теңгемізді енгізіп, өз байлығымызды өзіміз басқару құқығына ие болдық. Міне, биыл осы бақыт құсының қонғанына 25 жыл толмақ.

Міне, осы - менің мақтанышым! Қиналғанымда осы ата-бабам жүріп өткен тарихты есіме алып, “Қане, көтер басынды, мұңайма, шыда, қиындыққа қарсы тұр, ата – бабаларыңның қанында болған қайсарлық сенің де қаныңда бар! Сен жеңесің, жеңуге тиіссің!” , - деп өз - өзіме үнемі дем беріп отырамын.

Тірегім – Тәуелсіздігім! Тірегім – Елбасым!

“Алдыңғы донғалақ қалай жүрсе, соңғы арба да солай жүреді” демекші , біз де осы арба секілдіміз. Қазақ елінің туын көкке көтерген, Қазақстанды әлемге мойындатқан тұңғыш президентіміз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен дамыған 50 елмен тереземіз теңесті, “Мәңгілік елге” жол бастадық, әсем қала елордамыз Астана да бой көтерді. “ЕХРО - 2017” халықаралық көрмесі де биылғы жылы Астана қаласында өтпек. Ол да біздің дамыған елдермен теңескеніміздің бір белгісі екенінің дәлелі.

Қазақстандай Тәуелсіз Отаны бар, Нұрсұлтандай мақтан тұтар президенті бар, арманы мен мақсатын, өз ойын ешкімнен жасқанбай ашық айта алатын ұрпақтың болашағы қашан да жарқын!